

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 4 қарашадағы № 5С-27/3 "Жарқайың ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 ақпандағы № 5С-31/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 наурызда № 4030 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 6С-20/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 26.03.2018 № 6С-20/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына, аудан әкімінің 2014 жылғы 7 ақпандағы № 01-54 хатына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Жарқайың ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 4 қарашадағы № 5С-27/3 Жарқайың аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3891 болып тіркелген, 2013 жылғы 29 қарашада "Целинное знамя" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

12 тармақтың екінші азат жолындағы "облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен" сөздері алынып тасталсын;

13 тармақтағы "облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Н.Рахимов

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Ұ.Ахметова

"КЕЛІСІЛДІ"

*Жарқайың ауданының
әкімі*

А.Үйсінбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК